

***Магзумова Культай  Тлеугабыловна***

***Лауазымы:***

***Бестөбе кентінің  № 1  жалпы  орта білім беретін мектебінің мектеп басшысы***

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады.

Педагогикалық кеңесті басқарады.

Мектептің жұмыс жоспарын, оқу-тәрбие жұмысы жоспарын, жұмыс оқу жоспарын, пән-мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларын бекітеді.

Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді.

Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді.

Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын қалыптастырады және жетілдіреді.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.

Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдау үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды.

Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.

Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуы туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) рәсімін ұйымдастырады.

Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.

Педагогикалық этика бойынша кеңестің ұсыныстарын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жаза қолданады.

Өз құзыреті шегінде мектептің басқа да барлық қызметкерлеріне жаза қолданады.

Қоғаммен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (немесе оларды алмастыратын адамдармен), қорғаншылық кеңесімен жұмысты үйлестіреді.

Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымдарына ұсынады, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.

Өзіндік кәсіби дамуын қолға алады, оның ішінде менеджмент саласында. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білім беру қызметін ұсыну сапасына жауап береді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді,

педагогика мен психология негіздерін,

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін,

менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды,

еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім және басқа да кәсіптік білімі, немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;

Педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде педагогикалық өтілі соңғы 2 жыл, және басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 1 жыл;

оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде қосымша: сарапшы немесе педагог - зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілігінің болуы.

# *Камзина Сауле Темирболатовна*
## *Лауазымы:*
## *мектеп басшысының оқу ісі орынбасары*



***Лауазымдық міндеттері***

Басшының орынбасарының лауазымдық міндеттеріне мыналар жатады:

- оқу процесінде туындайтын проблемаларға. оқу іс-әрекетінің процесі мен дамуына, мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелеріне талдау жасау;
- сынып жетекшілерінің, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, сондай-ақ орта мектеп оқушыларының ағымдағы және ұзақ мерзімді жоспарлау жұмыстарын, оқу орнының білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру процесін, әдістемелік, мәдени және сыныптан тыс және т. б. жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру;
- оқу орнында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша қажетті құжаттаманы әзірлеу; оқу процесін қамтамасыз ететін оқу орны әкімшілігі, қызметтері мен бөлімшелері, қоғам және құқық қорғау органдары өкілдерінің өзара әрекетін;сынып жұмысшылары мен оқу орнының басқа қызметкерлерінің тәрбие жұмысының бағдарламасын жүзеге асырудағы жұмысын үйлестіру;
- мектеп директорынан кейінгі басшылық жұмыстарды атқару;
- оқу орнының педагогикалық және басқа қызметкерлерін даярлау және сертификаттауға белсенді қатысу және т. б.



# Мухаметжарова Алмагуль Байжановна

## Лауазымы:

## мектеп басшысының тәрбие ісі орынбасары

*Лауазымдық міндеттері*

1. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау.
2. Мектеп кезекшілігін қадағалау.
3. Сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысын қадағалау.
4. «Қиын» оқушылармен жұмыс.
5. Жазғы сауықтыру лагерін, мәдени-көпшілік іс-шараларды, саяхаттарды, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Сынып жетекшілерімен жұмысты басқару.
7. Оқушылар кеңесін басқару.
8. Қоғамдық ұйымдармен, мектептен тыс мекемелермен байланыс.
9. Үйірмелер жұмысына басшылық жасап, қадағалау.
10. Ата-аналармен жұмыс.
11. Жағдайы төмен отбасы балаларымен жұмыс.
12. Құқық бұзушылықтың алдын алу.



***Абенов Казбек***
***Кенжетаевич***
***Лауазымы:***
***мектеп басшысының патриоттық тәрбие ұйымдастырушысы***

*Лауазымдық міндеттері*
***Мектептегі әскери-патриоттық тәрбие..***
***Мектептен тыс және сыныптан тыс әскери жұмыстар..***
***Мектептегі өмір қауіпсіздігінің негіздері және азаматтық қорғаныс сабақтарын өткізуге сынып жетекшілеріне көмек беру.***
***Азаматтық қорғанысты жоспарлау және жылына екі рет оқу жаттығуларын ұйымдастыру.***
*Мектепішілік ер балалар кеңесін басқару.*



# *Саттарова Анара Муратовна*
## *Лауазымы:*
## *Мектеп әдіскері*

*Лауазымдық міндеттері*

*1. Әдістемелік бірлестіктермен жұмыс.*
*2. Мұғалімдердің байқаулары, олимпиадалары.*
*3. Жас мамандармен жұмыс.*
*4. Дарынды оқушылармен жұмыс.*
*5. Үлгермеуші оқушылармен жұмыс.*
*6. Коучингтер, деңгейлік курстар, желілік қоғамдастық.*
*7. Педагогтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауын тексеру.*
*8. Оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық пән олимпиадалары.*
*9. Педагогтардың кәсіби өсуінің мониторингісі.*
*10. Озат педагогикалық тәжірибелерді тарату.*
*11. Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын ұйымдастыру.*



**Кусайнова Айимгуль Еркиновна**
**Лауазымы:**
**балалар ұйымының жетекшісі**

**Лауазымдық міндеттері**
**Оқушылармен сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру.**
**Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.**
**Мектептен тыс мекемелермен, үйірмелермен байланыс жүргізу.**
**«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының жұмысын басқару.**
**Оқушылармен мәдени көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру.**



# Абдрахманова Асия Владимировна

## Лауазымы:

## педагог-психолог

### Лауазымдық міндеттері

Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алу және кеңес беру..

Оқушылардың отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайтын педагогикалық анализ жасау.

Оқушылардың білімділігін және оқуға құштарлығын анықтау.

Оқушылардың жас ерекшелік психологиясын анықтау үшін шығармашылық топ ұйымдастыру.

Ата – аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру..

Педагогикалық ұжымның психологиялық ахуалын анықтау.

9 – 11 сынып оқушыларына ОЖСБ және ҰБТ-ке дайындық кеңестерін беру.

Әлеуметтік жағдайы төмен, «қиын», «қатер тобындағы» оқушылармен жұмыс.

Үлгермеуші оқушылармен жұмыс.

Сабаққа келмеу қаупі бар оқушылармен психокоррекциялық жұмыс.



# *Баязитова Гульмира Темиргалиевна*
# *Лауазымы: Әлеуметтік педагог*

*Лауазымдық міндеттері*
*Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту заңына сәйкес 0-18 жас аралығындағы балалардың есебін жүргізу.*
*Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылармен жұмыс.*
*Қорғаншылық кеңесімен жұмыс.*
*Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысын басқару, қадағалау.*
*Жазғы сауықтыру лагері.*
*«Қиын» оқушылармен жұмыс.*
*Сабаққа келмей қалу қауіпі бар оқушылармен жұмыс.*
*«Мектепке барар жол» республикалық акциясын өткізу.*